



"КазГеоЭксплорейшен" жауапкершілігі шектеулі серіктестігімен қатты пайдалы қазбаларды барлау жөніндегі операцияларды жүргізу үшін жер учаскелеріне жария сервитут белгілеу туралы

Қарағанды облысы Осакаров ауданының әкімдігінің 2024 жылғы 28 қазандағы № 96/02 қаулысы

Қазақстан Республикасы Жер кодексінің 17-бабының 5-1) тармақшасына, 69, 71-1-баптарына, "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 31-бабы 1-тармағының 10) тармақшасына сәйкес, Осакаров ауданының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Осы қаулының қосымшасына сәйкес "КазГеоЭксплорейшен" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі қатты пайдалы қазбаларды барлау жөніндегі операцияларды жүргізу үшін 2030 жылғы 04 наурызға дейінгі мерзімге жер учаскелерін алып қоймай, Осакаров ауданының Садовый ауылдық округінің аумағында орналасқан жалпы ауданы 4 414,49 гектар жер учаскелеріне жария сервитут белгіленсін.

2. "КазГеоЭксплорейшен" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі (келісім бойынша) жер учаскелерінің меншік иелері мен жер пайдаланушылардың шығындарын толық көлемде өтеуі қажет, залалдардың мөлшері мен оларды өтеу тәртібі Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес тараптардың келісімімен айқындалсын.

3. "Осакаров ауданының жер қатынастары бөлімі" мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде белгіленген тәртіппен осы қаулыдан туындайтын шараларды қабылдасын.

4. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

5. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Аудан әкімі

Р. Нурмуханбетов

Осакаров ауданы әкімдігінің

2024 жылғы "28" қазандағы

№ 96/02

қаулысына қосымша

2024 жылғы 4 наурыздағы № 2524-ЕЛ қатты пайдалы қазбаларды барлауға арналған лицензияның шекарасындағы оларға қатысты жария сервитут белгіленуге жататын жер учаскелерінің (учаскелердің бөліктерінің) тізбесі.

				Жария сервитут белгіленуге
--	--	--	--	-------------------------------

№№	Кадастрлық нөмірі	Учаскенің орналасқан жері	Учаскенің жалпы ауданы, га	жататын учаскелер бөліктерінің ауданы (лицензия шекарасында), га
1.	09-137-007	Қарағанды облысы, Осакаров ауданы, Садовый ауылдық округі, Жанатоған ауылы	28,8480	28,8480
2.	09-137-008-008	Қарағанды облысы, Осакаров ауданы, Садовый ауылдық округі, "YUGER2023" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	4383,6420	4383,6420
	БАРЛЫҒЫ			4 414,49

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК